



Құрметті жерлестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1992 жылы маусым айының 4 жұлдызында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері бекітілді. Бұл тарихи күн біздің мемлекеттілігіміздің символына айналды. Еліміздің Мемлекеттік рәміздері – бірлікті насихаттайтын және өскелең ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу құралы.

Олар халықтың тарихы мен рухын бейнелейді. Халық арасында «Туың жығылмасын» – деген сөзде осыдан қалса керек. Егемен Қазақстанның рәміздері – газырлар бойы қалыптасқан біздің идеологиямыз бен мәдениетіміздің көрінісі.

Бүгінде елімізде өскелең ұрпақты патриот ретінде тәрбиелеуге үлкен мән беріліп отыр. Мемлекеттік рәміздерді білу және құрметтеу – патриоттық тәрбие мен ұлттық сананы қалыптастырудың негізі. Тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік рәміздер бейбітшілігімізді бейнелейтін Қазақстанның төлқұжатына айналды.

Құрметті жерлестер, баршаңызға амандық, бақыт, бейбітшілік тілейміз! Ортақ Отанымыз – Қазақстан өркендей берсін! Көк Туымыз көгімізде желбірей берсін!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі,
Нүркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

• БҮГІН – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

Менталитеттің көркем туындысы

Дін, партиялық, рулық бөліністерден биік, баршаны жұлдырқаша жұмылдырып, бес саусақтай біріктіретін мемлекетте жалқы әрі орнын ештеңе алмастыра алмас бір ғана дүние бар. Ол – рәміздер. Дүниежүзіндегі мемлекеттің ресми рәмізділігі қазақ үшін қастерлі ошақтың үш бұтындай, үш бірліктен тұрады – Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Әнұран. 4 маусым – сол елдіктің ерекше күні. Бұл күні рәміздің төркініне тоқталып, тарихын түгендеу – шарт емес. Ел тәуелсіздігін алғанда елдіктің белгісі – рәміздердің қалай дүниеге келгені бұған дейін талай тамсаным айтылды. Ендігі мақсат та жалғыз-ақ. Ол – рәміздерге құрметті еселеу. Уақыттың талап етері де осы. Сол арқылы ұрпақтың тұла бойына отансүйгіштікті тұндыру. Дегенмен, бұл орайда бүгінгі ұрпақ, шыны керек, бізден гөрі бақыттырақ...



Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бір кезде көшеде келе жатқан балақайдың көлік номеріндегі Көк Тудың бейнесін көргенде тоқтай қалып, қолын жүрегінің тұсына қойып, Әнұранды шырқай жөнелгені әлеужеліні шарлап кеткен-ді. Ол бейнежазба бір жылдары әлеужеліде әжептәур

лүпіл жинады. Кішкентай жүректегі елге, жерге деген алапат сезімді көріп, еріксіз жүрегіміз елжірегені рас-ты. Әлі күнге сол жазба еске түссе, Отанын сүйетін ұрпақтың барлығы жаураған жанды жылытады. Бүгінгі ұрпақ бізден бақыттырақ дегеніміз содан да. Еркін елдің бостан ұл-қызы азат ойлы, еркіндіктің ең даласында бұла өсіп келе жатқаны өтірік емес.

Сондықтан да, Құдайға шүкір дейік. Қазір түн ортасында ұйқысынан оятып, сұрасаныз, Әнұранды жатқа айтатын бала бар. Көк Туына оранып, әлемдік арена-сахналарда атой салған саңлақтар қаншама. Елтаңбаны елінің көзіндей көретін толқын тағы бар. Әнұранды әспеттеп, Туды киесей жамылып, Елтаңбаны бойтұмардай тағынған ұрпақ қалыптасты. Ду-

бара, дудәмал кептен, дана һәм дара кепке бой ұсынды ұрпақ. Өйткені, 1992 жылдың 4 маусымында қабылданған мемлекеттік рәміздерде осындай кие әрі қасиет бар. Сол қасиетті қадірлей білу – парыз.

Отандастарымыз Қазақстан Туын әлемдік жарыстар мен олимпиадалардың жеңісті жолдарымен төрт мың рет ұстап жүріп, оны ғаламшардың баруға жолы ең қиын түрлі жерлеріне, ең биік тау шыңдарына және ғарышқа тіккенін еске алсақ, елдік нышанының мемлекет мерейін қанша тасытқанын аңғару қиын емес.

Мәселен, 2015 жылы ғарышкер Айдын Айымбетовтің ғарышқа сапары кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы Жер шарын 150-ден астам рет айналып ұшты. 2011 жылдың 14 желтоқсанында Оңтүстік Полоске шығудың 100 жылдық мерейтойында Қазақстан Республикасының Туы Антарктидада тігілді. Санамаласақ, Көк Ту желбіреген түрлі шыңдар мен биіктіктер аз емес.

Туымыз Арктикада, Іле Алатауында, Оңтүстік Африканың ең биік нүктесі – «Охос-дель-Саладода», Солтүстік Американың ең биік тауы – «Мак-Кинли» шыңында, Батыс Еуропаның ең биік нүктесі «Монбланг» көтерілген. Еліміздің Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Әнұраны Азия мен бүкіл әлемнің ең биік шыңдары – Памир тауының «Ленин» шыңына (7134 метр) және Эвересте (8800 метр) көтеріліп, шырқалғаны тарихтан мәлім. Мұның бәрі – көкірегі ояудың көмегіне өкіс тығып, көңілін қобалжытатын құбылыс.

Себебі ол рәміздер – саналыға еліміздің бостан кешкен мәдениеті, тарихы мен менталитетіміздің көркем туындысы. Онда ұлттық идея да бар. Ұлттың сүйген ұл-қыз осыны ұғынуы тиіс-ті.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

«Кәусар» – келешектің сарайы

Қарағандыда Халықаралық балаларды қорғау күнінде заманауи «Кәусар» Оқушылар сарайы ашылды. Қаланың кішкентай тұрғындарын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы келіп құттықтап, балалармен бірге сарайды аралады.

Аяулм СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаланың Пришахтинск аталған бөлігінде бой көтерген сарайда аймақтың жас тұрғындары үшін робототехника, VR сәулет өнері секілді үйірмелердің түр-түрі бар. Алдағы уақытта ауданның кішкентай тұрғындары қала орталығына бармай-ақ ғимаратта көптеген қызықты үйірмелерге қатыса алады.

Сіздердің жан-жақты дамуларыңыз үшін бар жағдайды жасауға тырыстық. Мұнда IT-технология, инженерия, робототехника, VR-сәулет және веб-дизайн, сондай-ақ, басқа да көптеген заманауи бағыттар бойынша үйірмелер жұмыс істейді. Әрқайсыңыздың болашағыңыз үшін сапалы білім алуға мүмкіндік болғанын қалаймыз. Бұл жерде сіздерге жаңа достар табуға, оқуға, ізденуге мүмкіндік көп. Алдағы уақытта Майқұдықта да осындай оқушылар сарайын саламыз, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде аталған қала бөлігіндегі 12 мектепте 8 мыңға жуық оқушы бар. Күн сайын оқушылар сарайына 600-ден астам бала мен жасөспірім келіп, үйірмелерге қатысып, өздері қызығушылық танытқан іспен айналысады.

Оқушылар сарайының жалпы ауданы – 3 мың шаршы метр. Оқушыларға кең әрі әдемі ғимаратта өзіне ұнайтын үйірмені таңдауға мол мүмкіндік жасалған. Мүмкіндігі шектеулі балаларға да жағдай қарастырылған. Сенсорика және моториканы дамытуға арналған көптеген құрылғылар бар. Мысалы, ауа-көпіршікті қолба көру мен естуді, тактильді сезімдерді жетілдіреді. Құрғақ душ баланың еркіндігін дамытуға арналып, оның көмегімен бала жаңа түстерді қызықты түрде есте сақтай алады. Инклюзивті білім беру үшін де барлық жағдай

жасалған. Штатқа логопед пен психолог қабылданған, – деп атап өтті «Кәусар» Оқушылар сарайы директорының міндетін атқарушы Әйгерім Әуезова.

Болашақ инженерлер үшін HI-TECH цех, STEM зертханасы, Intellectum студиясы бар. Шығармашылық дарындылар үшін Art-және музыкалық студиялар құрылды. Сәбилерге ерте даму кабинеттері жасақталған. Сондай-ақ, жас экологтарға арналған орталық, телестудия, медиа орталық жабдықталған. Концерттер, конкурстар, жарыстар өткізуге болатын үлкен акт залымен қатар коворкинг аймағы да жұмыс істеп тұр.

Қаланың ірі бөлігінің бірі Пришахтинскіде бұрын мұндай Оқушылар сарайы болған жоқ. Балалар үйірмеге қатысу үшін орталыққа автобуспен қатынайтын. Халық тығыз орналасқан ауданда ұзақ уақыт кептелісте тұратын. Енді, міне, ашық ауада да түрлі шаралар өткізуге



болады. Оқушылар сарайының айналасы абаттандырылған. Футбол алаңы, тренажерлер орнатылды. Балалар да, ата-аналар да жаңа сарайдың ашылуына бек қуанышты. Қызым София 4,5 жаста. Біз хореографиямен айналысуды жоспарлап отырмыз және тағы бір шығар-

машылық үйірмеге жазылғымыз келеді, – деп бөлісті аудан тұрғыны Татьяна Рихтер.

10 сынып оқушысы Рамазан Оразалы да балаларды қорғау күніне орайластырылған сарайдың ашылуын тамаша сыйлық деп санайды.

Оқушылар сарайында балаларға барлық жағдайлар жасалған. Арбамен жай жүруге болады. Бұл сарайдан көптеген таланттар шығарына сенімдімін, – дейді республикалық және халықаралық вокалдық байқаулардың жүлдегері.

Сарайдың ашылу салтанатында сондай-ақ, мерекелік бағдарламалар көрсетіліп, спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Жалпы, аймақта аталып өткен халықаралық балаларды қорғау күнінде ерекше балаларға, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға көңіл бөлінді. Ерекше қойылымдар және жарыстары бар ауқымды мерекелік бағдарлама дайындалды.

Облыс орталығында жыл сайынғы арбалар шеруі, «Кукляндия» театрлар фестивалі өтті. Орталық саябақта жаздың бірінші күнінде балалар теміржолы іске қосылғанын атап өткен жөн. Балалар жақсы көретін «Хогвартс экспресс» жолаушылар тасымалдауды бастады. Мереке күні хайуанаттар бағы құрметті қонақтарын трансформерлер мен аниматорлар шоуына шақырды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Әуежайдағы әлеуетті жоба

Қарағандылық «Сары-Арқа» әуежайының мүмкіндігі күн санап артауда. Әуе айлағына сонау Бельгиядан, Экватордан, Нидерландтан жүк тасымалдары жетеді. Сонымен қатар, күніне бірнеше мәрте гүл толы бордтар жетіп, олар осында сұрыпалады. Одан соң, ол жүктер бүкіл Қазақстан мен ТМД елдеріне жіберіледі.

Әуежай тынысы қайта ашылғандай. Жағымды жаңалықтың басты себебі жаңа инвестордың келуіне байланысты. Gargohub Kaqaganda стратегиялық жобасы бірегей мүмкіндігі бар ерекше жоба көрінеді. Бұл туралы Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсұт Қожанов айтып берді.

Алдағы жоспарда мультимедальды аэрохаб құру бар. Бүгінгі таңда мультимедальды аэрохаб құру моделі әзірленіп, дайын тұр. Бұған қоса әуежай аумағында «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы субзонасын ашу қажеттігі туындады. Мемлекеттің міндеті – қосымша инфрақұрылымды жеткізу. Жеке инвестициялар да болады, – деп атап өтті Мақсұт Жолдыбайұлы.

Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, жобаны іске асыру 2000 тұрақты жұмыс орнын құруға, жыл сайынғы салық түсімдерін 135 млн. АҚШ долларына арттыруға зор мүмкіндік.

Дәл осындай ауқымды жоспарларды жүзеге асыру біршама уақытты талап етеді. Бағдарлама 2030 жылға дейін есептелген. Бүгінде Қарағанды әуежайы арқылы 15 мың тоннаға жуық жүк өтеді, – дейді басқарма басшысы.

Өз тілшімізден



• ТӘУЕЛСІЗДІК НЫШАНЫ

Бірлікке бастайтын күш

Кейде ел аузынан, әлеуметтік желіден «Ауданның Гимні жазылды», «Ауылдың Гимнін шырқады» немесе «Мектеп Гимнінің авторы» дегенді естіп қаламыз. Арасында «Облыстың Гербі», «Қаланың Гербі» деген сөздер де айтылып жатады. Гимнді – Әнұран, Гербіті – Елтаңба десек, ауыл-ауылға, аудан, қалаға жеке Елтаңба, жеке Гимн қажет пе? Осы мәселе көптен бері көкейде жүрген. Десе де, түрлі көзқарас, сан алуан пікір бар. Бұл туралы сала мамандарының, айтары бар аға буын өкілдерінің не дейтіні қызықтырды бізді...

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халқымыздың шежірелі тарихынан сыр шертіп, бейбіт өмірге, бақ-берекенен достық қарым-қатынасқа деген ұмтылысының көрінісін айғақтайтын Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу, оның мән-мағынасын білу қаншалықты қажет болса, олардың атауын дұрыс қолдану керек екені сөзсіз.

Алдымен, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы №258 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы заңына үңілдік. Онда Мемлекеттік Елтаңбадан басқа ұйымдардың немесе қоғамдық бірлестіктердің таңбасын «геральдикалық белгілер» деп атап көрсетіпті.

– Әуелде Гимн – Құдайды мадақтау ретінде пайда болған. Гректің сөзінен шыққан делінеді. Бұдан да өзге көзқарастар бар. Кейін патшаларды мадақтауға ұласыпты. Біз Әнұран дейміз. Шындап келгенде, мақтау, мадақтау, көтеріңкі көңіл-күймен орындау жағынан келгенде біздікі дұрыс. Гимн тек мемлекетте ғана болмайды. Қоғамдық бірлестіктерде, түрлі ұйымдарда, қаланың, мектептің, басқа бір шағын ұжымдардың өзінің гимні, әнұраны болуы мүмкін. Бұл ешқандай қарсылық туғызбауы тиіс. Ал, герб – белгі деген сөз. Біз оны Елтаңба дейміз. Қаланың, ауданның, елді мекеннің өз Гербі, таңбасы болуы мүмкін. Таңба – өзі бейнелейтін объектінің нақты нышандарын көрсететін белгі. Яғни, Елтаңба арқылы өзге елдер бізді таниды. Мұны білген

дұрыс. Әсіресе, жастар. Бұл туралы әлсін-әлсін жазылып, насихатталғаны жөн. Біздің ресми түрде бекітілген Мемлекеттік рәміздеріміз көркемдік шешімімен де, идеологиялық тұрғыдан да, мазмұны мен ақыл-ойдың көрсетілуі жағынан да заманалық талаптарға сай келеді деп ойлаймын, – деді заң ғылымдарының кандидаты, «Bolashaq» академиясының профессоры Болат Сыздық.

Пікір алуандығы болуы заңды. Ішкі істер саласының ардагері Сәлижан Садықов «Мектеп Гимні», «Қала Гимні» дегенмен келіспейтінін айтады.

– Гимн, Әнұран біреу ғана болуы тиіс, меніңше. Ол – мемлекеттің Әнұраны. Бітті. Біртұтас ел боламыз десек, мұндай арылғанымыз жөн. Ауданның, қаланың немесе ауылдың вальсі болсын. Мысалы, «Қарағанды вальсі», «Ақтоғай вальсі» және тағы басқа. Мектепке жеке гимн қажет емес деп ойлаймын. Мектеп оқушылары, мұғалімі, директоры бәрі түгел Мемлекеттік Әнұранды жатқа біліп, сабақты содан бастауы тиіс. Мектептің әні, мектептің маршы болса, жарайды. Бұған да тәртіп керек, – деп есептейді ішкі істер саласының ардагері Сәлижан Садықов.

Осы пікір ойымызды қозғап, білім ошақтарына бас сұқтық. Ондағы мақсатымыз – ұстаздардың көзқарасын білу.

– Иә, шынында, осындай сөздерді біз де естіп қаламыз. Әр мектептің өз тарихы, даму, қалыптасу тарихы бар. Сондықтан, әр мектептің немесе ұйымның өз тарихынан хабар беретін әндері болады. Ол ән ұйымның кейінгі жастары өзі



Коллаж: ақпарат М.Әбішевтікі

оқитын немесе жұмыс істейтін орының тарихын біліп, құрметтеп жүруі үшін жазылады. Жұмыла жұмыс істеп, бірлікпен алға басу үшін. Ал, мемлекеттің Әнұраны шырқалғанда Көк Туға қарап тұрып, оң қолды жүрек тұсына қойып, қосыла орындау – әрқайсымыздың міндетіміз. Біз әр оқу аптасын осылай бастаймыз. Бұл – байтақ Отанға, оны қорғап, бізге аманаттаған бабалар рухына деген құрмет, – деп ойымен бөлісті Әлихан Бөкейхан атындағы орта мектептің директоры Айнұр Жаппарқұлова.

Бұған да қанағаттанбай, нақты рәміздерді зерттеумен айналысатын, осы сала мамандарының пікірін білгіміз келіп, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті жанындағы Геральдикалық зерттеулер орталығы республикалық мемлекеттік мекемесіне хабарластық. Аталған орталықтың бөлім басшысы Асылжан Бижановпен тілдесудің сәті түсті.

– Елтаңба әр елде біреу болады. Біздің елімізде де солай. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. «Облыстық Елтаңба», «Қаланың Гербі» деген жоқ. Ол – қате. Оларды «өңірлік рәміз», «аудандық рәміз», «қалалық рәміз» деп

атауға болады. Бұдан бөлек, «Өңірлік нышан» деген де нұсқа бар. Аймақтық, аудандық, қалалық белгілерге байланысты осы екі нұсқаны пайдалану керек. Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайда да бұл туралы айтылған. Ал, «Мемлекеттік Елтаңба», «Мемлекеттік Герб», «Мемлекеттік Гимн», «Мемлекеттік Әнұран» деп пайлануға шектеу жоқ. Бірақ, Мемлекеттік рәміздер туралы заңда «Елтаңба, Гимн» деп бекітілгенін ұмытпаған жөн. Қаланың, ауданның, ауылдың немесе мектептің Гимні деп атау туралы түрлі көзқарас жүр. Өзірге бұған шектеу жоқ. Бұл мәселе талқыланып, бекітілмеген соң нақты пікір айту қиын. Бастысы еліміздің әр азаматы Мемлекеттік Гимнді жатқа біліп, жүрегінде сақтап, ел дамуына үлес қосса құба-құп, – деп атап өтті Асылжан Бижанов.

Осылайша, түрлі пікір тыңдадық. Елеп-екшеп біраз жойтқа қанық болдық. Бұған дейін де туралы аузы дуалы зиялы қауым өкілдерінің де «Әнұран мен Елтаңба – біреу, яғни, Мемлекеттік ғана болуы керек!» дегенін талай естіген едік. Көкейде жүрген дүниеге аз да болса, көңіл бөлдік. Қалғаны алдағы уақыт еншісінде...

Ал, Сіз ше, қалай ойлайсыз?

Су тапшылығы толық жойылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында өңірлерді дамытудың Ұлттық жобасы шеңберінде 2025 жылы облыс тұрғындарын 100% таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Қала мен ауылдық жерлерді тұтастай сумен жабдықтау мәселесі облыс әкімдігінде өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың жетекшілігімен өткен аппарат жиынында тағы бір мәрте жан-жақты сараланды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде

Ағымдағы жағдай мен жүргізіліп жатқан жұмыс легіне облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев егжей-тегжейлі тоқталып өтті.

– Маңызды міндетке қол жеткізу мақсатында Үкімет 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін жергілікті құбыр желілерін салуға және реконструкциялауға қаржы бөлген. Бүгінде ауыл жұртшылығы сумен – 93 пайыз, қала халқының – 99 пайызы қамтылды. Шаһарлар аумағындағы су құбыры 2513 шақырымды құрайды. Тозу деңгейі 65% шамасында, – деген дерек келтірді ведомство басшысы.

Президент тапсырмасын орындау аясында барлық қайнар көзден 4,2 млрд. теңге қарастырылды. Бұл көлемдегі қаражат ірі 8 жобаны іске асыруға бағытталмақ. Яғни, 50 шақырымдық құбыр желілерін оңдау амалдары көзделді. Республикалық бюджеттен осы жылға қосымша 3,4 млрд. теңгеге өтім жолданған. Сұраныс мақұлданған жағдайда тағы 75 шақырымдық су желілерін тарту межесі тұр. Облыста 342 елді мекен бар. Орталықтандырылған су жүйесімен 224 ауыл қамтылды. Шалғай жерлерді сумен қамту үшін 32 жобаны іске асыру қажет. Оған 4,8 млрд. теңге бөлінген. Бұл арада тағы 60 шақырым су желісін тартуға мақсат қойылды. Республика бюджетінен 3,6 млрд. теңгеге өтім жолданған. Бұл сома 16 ауылды сумен қамту үшін қажет.

Шаһарда

Ал, қала әкімі Мейрам Кожухов кеншілер астанасында ауыз сумен қамтылу қажет 4 бөлік бар екендігін еске салды. Олар, Тихоновка, Сұрыптаудағы Рабочий, Сахалин елді мекендері және жаңа қаладағы ауызша «Нефтебаза» деп аталған аумақ. Аталған жерлерге су құбырын өткізу үшін бірқатар жоба қолға алынған көрінеді.

– Кейбірі жобаны демеушілер көмегімен іске асырып жатырмыз. Расы керек, міндетті толық және сапалы орындау үшін ескі құбырларды оңдау жүргізіп жатқанымызды да жасырмаймыз. Аталған жоталы жобалардың барлығын дерлік жыл соңына таман аяқтаймыз деген нық сенім бар. Біз тек су құбырларын ғана емес, кәріз жүйесіне де қатар мән бергенді күп көріп отырмыз, – деді Мейрам Мұратұлы.

Жаңа абоненттерді су жүйесіне қосу үшін Теміртау әкімдігі де бірқа-



Сурет: шаһар басқармасы

тар ілкімді істерді қолға алған. Мұнда әзірге суға қолы жетпегендердің ұзын саны – 2872 адам. Құрыш қалада жалпы ұзындығы 46 шақырымдық құбыр реконструкциялау тапсырмасы тұр. Осылайша, жыл соңында су көзіне 1244 абонент қосылмақ.

– Қазіргі таңда барлық жоба шешімдері іс жүзінде орындалу үстінде. Қалған жобалар легін сараптама жұмыстары жүргізілген соң республикалық бюджетті нақтылау кезінде ұсынбақ ниетіміз бар. Бұл орайда конкурстық үдеріс уақыт талап ететіндігін біріміз жете түсінеміз. Сондықтан, осының барлығын ескере келе, 2025 жылы тапсырма толығымен аяқталады, – деп сендірді қала әкімі Ораз Тәуірбеков.

Қарқаралы ауданында сумен жабдықтау үлесі 82,9%-ды құрады. Бұл – облыс бойынша ең төменгі көрсеткіш. Әсіресе, Жарлы кенті бойынша жобалық-сметалық құжаттама толық аяқталмаған. Биыл 7 блок модульдік кешенін орнату жоспарланған еді. Сумен қамтамасыз етуге арналған блоктық модульдік кешен атаулысы өндірісті облысты қоса алғанда, ауыз суды, ағынды суды тазартуды немесе өнеркәсіптік нысандарды сумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін тиімді шешім. Аталған кешеннің артықшылығына келсек, жылдам орнату және іске қосу, сумен жабдықтау қажеттілігінің өзгеруіне байланысты модульдерді қосу немесе ауыстыру мүмкіндігі, жалпы жүйенің жоғары сапасын қамтамасыз етуге соны мүмкіндік ұсынады. Қолданысқа да өте

Шалғайда

Қарқаралы ауданында сумен жабдықтау үлесі 82,9%-ды құрады. Бұл – облыс бойынша ең төменгі көрсеткіш. Әсіресе, Жарлы кенті бойынша жобалық-сметалық құжаттама толық аяқталмаған. Биыл 7 блок модульдік кешенін орнату жоспарланған еді. Сумен қамтамасыз етуге арналған блоктық модульдік кешен атаулысы өндірісті облысты қоса алғанда, ауыз суды, ағынды суды тазартуды немесе өнеркәсіптік нысандарды сумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін тиімді шешім. Аталған кешеннің артықшылығына келсек, жылдам орнату және іске қосу, сумен жабдықтау қажеттілігінің өзгеруіне байланысты модульдерді қосу немесе ауыстыру мүмкіндігі, жалпы жүйенің жоғары сапасын қамтамасыз етуге соны мүмкіндік ұсынады. Қолданысқа да өте



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Жыл қорытындысы бойынша 9 блок модуль кешені орнатылып, 45 елді мекен сумен қамтылмақ. Сонымен, қалған 13 елді мекенді модульдік стансасымен қамту көзделген.

Өз кезегінде Ермағанбет Қабдулаулы халықты тұтастай сумен қамтамасыз ету ерекше бақылауда екендігін қаперге салды.

– Мойнымыздағы жауапкершілік жүгі зор екендігін білесіздер. Қажетті жоспар-жобаларға өздеріңізбен бірлесіп, қол қойдық. Естеріңізден шығармаңыздар. Меже – 100%! Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы, қала және аудан әкімдері алдымен барлық жоба атаулысының сапалы іске асырылуын бақылауға алу қажет. Мерзімінен кешіктірілмегені маңызды. Кешеуілдеп жатқан жобаларды жеделдетпесек, өзімізге сын. Бұл арада аяқталған жобаны тұтынатын мекемелерге мықтап тапсыру үдерісі де терең мәнге ие. Себебі, кейіннен ол құрылымның бірде-біреуі қараусыз қалмауы тиіс, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Тізінгартар

Иә, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында Біріккен Ұлттар Ұйымы тек алдағы он жылдың ішінде ғана жаһандық деңгейде су ресурсының тапшылығы болады деп болжам жасап отырғандығын, 2030 жылға қарай су тапшылығының көлемі 40 пайызға жетуі мүмкін екендігін ескерткен еді. Ел Президенті қажетті инфрақұрылымды заманауи үлгіде жасақтап қана қоймай, жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге қошуіміз керек екендігіне де мән берген-тін.

Қош, су тапшылығын жою «сिम-сим ашыл!» деген жалғыз ауыз сөзбен реттеле қоймасы бесенеден белгілі. Жол жүргесін қуалай аққан мөлдір су біртұтас елдің көзін қарықтырып, мейірін қандырса, оның өзі түстік өмірдей тірілік түрлендіре рі һак. Мөлдір бұлаққа таңдай жібіткен жан он шақырымға он барып келмей, үйінің бір бұрышынан су сезбілген тұрса, бір ғанибет. Оның да ауылы алыс емес!

• РЕСМИ

Газ толтыру станциясы ашылды

Атмосфералық ауаны ластауды азайту, қалдықсыз технологияны жүзеге асыру, экожүйені сақтау мақсатында Қарқаралы қаласында газ толтыру пункті ашылды.

Сағынш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаланың өнеркәсіптік аймағында орналасқан. Жобаны «ГазОйл» ЖШС өкілі, жеке кәсіпкер Ержан Спанов жергілікті атқарушы органдардың көмегімен жүзеге асырып отыр.

– Пункт сұйытылған газды сақтауға арналған резервуарлармен, тұрмыстық газ баллондарын тексеруге, сақтауға және құюға арналған, пункт қызметкерлерін орналастыруға арналған модульмен жабдықталған. Алдағы жұмыс жоспарында ауданның шалғайдағы елді мекендеріне газ жеткізуді қамтамасыз ету үшін арнайы автокөлік сатып алу көзделіп отыр. Пункт мамандары тұтынушылардың тұрғылықты жеріне барып, газ жабдықтарын тексеру және жөндеу бойынша қызмет көрсете алады. Пункттің басты міндеті – тұрмыстық газ баллондары мен жабдықтарын қауіпсіз пайдаланды қамтамасыз ету, – дейді кәсіпкер.

Әрі жергілікті атқарушы билік тарапынан аудан аумағында орналасқан автожанармай құю станция еліеріне заңға сәйкес АЗС-та тұрмыстық баллондарға газ құюға тыйым салынатындығы ескертілді. Егер орындалмаған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартуға қарастырылған.

Қарқаралы ауданы

Әлеуметтік көмектің әлеуеті мол

Приозерск қаласында әлеуметтік жағдайын оңалту мақсатындағы атаулы көмектер уақытылы төленіп келеді. Биылдың өзінде «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» бағдарламасы аясында 4 млн. 365 мың теңге қаралған. Бұл туралы Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Ұлан Алмас мәлімдеді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мен учаскелік комиссия мүшелерімен бірге «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» тағайындауға өтініш білдірген адамдардың материалдық-тұрмыстық жағдайымен танысып қайттым. Биыл 1 тоқсан бойынша 37 отбасына нақты айтқанда, 167 адамға жалпы соммасы 4 миллион 365 мың теңге көлемінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді. Түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Айтпа кетейік, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау» қызметі барлық азаматтарға тегін түрде көрсетіледі. Атаулы әлеуметтік көмек алуға өтінішті тұрғылықты мекенжайы бойынша жұмыспен қамту орталықтарына немесе «Электронды үкімет порталы» арқылы беруге болады. Өтініш тапсыру барысында өтініш берушінің жеке куәлігі ғана жеткілікті. Қажетті мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынады, оның ішінде, табыс туралы анықтамалар аударылған міндетті зейнетқы жарналары арқылы расталады, – дейді Ұлан Алмас.

Айтпа кетейік, АӘК алушылар қатарындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі 41 балаға 625 мың теңге көлемінде кепілдендірілген әлеуметтік пакет тағайындалып төленген.

ПРИОЗЕРСК

• БРИФИНГ

«Ауру – астан» десек те...

«Еліміздің басты құндылығы – адам» деп көрсеткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі денсаулық сақтау саласына ерекше көңіл бөліп, аса маңызды дүниелерді ретке келтіруге баса мән беріп келеді. Әлбетте, кез келген елдің дамуы оның халқының орташа өмір сүру ұзақтығынан көрінеді. Ал, деннің саулығы алдымен дұрыс тамақтануға тікелей байланысты. Жаз шыға тамақтан улану, сондай-ақ, ішек инфекциясы әлі де тұрғындар үшін айтарлықтай қауіпті. Оның басты себебі – санитариялық талаптар мен жеке гигиена ережелерін сақтамау, сондай-ақ, тамаққа улы микробтық немесе микробтық емес заттарды тұтыну, дайындау, сақтау және шығу орны белгісіз, мерзімі өткен өнімдерді сатып алу. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Юрий Залыгин мәлімдеді.

Салтанат ІЛИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тазалық – денсаулық кепілі

Облыстың бас санитариялық дәрігерінің айтуынша, жазда болатын мерекелік іс-шаралар қарсаңында жаппай мерекелер, одан бөлек, көшпелі сауданы ұйымдастыру жоспарлануда. Дәл осы кезде санитариялық ережелердің талаптары бұзылып, тамақтан улану қаупі туындайды.

– Тамақ токсикоинфекциясы – ауру адамның өз бактерияларынан емес, адам ағзасынан тыс бактериялардың тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын токсиндермен ластануы. Токсиндерді шығаруға қабілетті бактериялардың түрлері көп. Олар ластанған тағамдарда ұзақ уақыт сақталуы мүмкін. Ал, бірқатарлары өлгенде, тіпті, бірнеше рет қайнатқан кезде де өлмейді, – дейді Юрий Леонидович.

Адам токсин жұқтырған өнімді тұтынғаннан соң инкубациялық кезең отыз минуттан жиырма төрт сағатқа дейін созылады. Уланған адамда алдымен жүрек айну, құсу байқалады. Содан соң дене қызуы 38-39°C-қа дейін көтеріліп, бас ауруы, әлсіздік пайда болады, терісі құрғайды.

Осыған байланысты тамақтан улану, токсикоинфекция, жіті ішек инфекциялары, оның ішінде, сальмонеллездің алдын алу мақсатында тұрғындарға рұқсат етілмеген сауда орындарында тамақ сатып алмауға, сатып алу кезінде өнімнің дайындалған күнін, сақтау шарттарын және

сағу мерзімін тексеру керектігін ескертуді Юрий Залыгин.

– Тамақ өнімдеріне арналған бір реттік ыдысты пайдалану, қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішу, бұліну белгілері бар, қаптаманың тұтастығы бұзылған және таңбаланбаған тамақ өнімдерін сатып алмау, демалыс орындарында болған кезде, қарапайым гигиена ережелері ескерілмеген сауда орындарында азықтүлік сатып алмау да уланудың алдын алады, – дейді ол.

Жіті ішек инфекциясынан сақтанудың тағы бірден-бір жолы – тамақтанар алдында су болмаған жағдайда қолды гигиеналық майлықтармен сүрту.

Кәсіпкер де жауапты

Жазда жұмсақ балмұздақ жемейтін адам жоқ. Дәмі тіл үйретін бұл тағамның қауіпті өнім екенін де есте ұстаған абзал. Сауда орындарында санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталмаса, ішек инфекциясы немесе сальмонеллез дәл осы балмұздақтан жұғады.

Осыған байланысты Юрий Леонидович жұмсақ балмұздақ сатып алу кезінде есте ұстайтын ерекше талаптарға да тоқталды.

– Өндірушінің зауыттық қаптамасына оралған балмұздақты таңдаған жөн. Сондай-ақ, сатушылардың өнімді қабылдау, сақтау және сағу шарттарының бұзылуына, балмұздақ сақталатын жабдықтардың тазалығы мен жалпы күйіне назар аударуы керек. Тамақ өнімдерінің бүтіндігіне, оларға бөгде заттардың түсуіне

жол берілмеуі тиіс. Бұл ретте сатушының сыртқы келбеті де маңызды. Атап айтқанда, бір реттік қолғап пайдалануы және таза арнайы киімнің болуы керек. Сапалы балмұздақтың құрамы қант пен мұздың бөлшектерінен біркелкі болады, – дейді Юрий Залыгин.

Бұдан басқа, мереке күндері көшпелі сауданы ұйымдастыру кезінде бизнес субъектілеріне де талаптар қойылады. Атап айтқанда, азықтүлік өнімдері сату сәтінде сатылуы тиіс. Ал, жерде сағуға жол берілмейді. Одан бөлек, тез бұзылатын өнім қатаң түрде тоңазытқышта сақталады. Тиісті санитариялық жағдайда меншікті және іргелес аумақты таза ұстау да тамақтан уланудың алдын алады.

«Сатып алудан бастап, тамақ ішуге дейінгі барлық кезеңдерде қолданылатын алдын алу шаралары тамақтан улану мүмкіндігін едәуір азайтады», – дейді бас санитариялық дәрігер.

Шомылудың да тәртібі бар

Жазда суға түсу маусымы басталады. Осыған байланысты, департамент мамырдан тамызға дейін суға түсу үшін пайдаланылатын су айдындарындағы судың және рекреациялы аймақтардың, жағажайлар топырағының сапасын бақылауды жүзеге асырады.

– Мамыр айының басынан бастап, микробиология, паразитология, вирусологиялық көрсеткіштерге және тырысқак вибрионының болуына 102 су сынама алынды. Бұл ретте бірқатар сынамадарда сәйкессіздіктер табылғанын айту керек, – дейді Юрий Залыгин.

Бірақ, бірқатар сараптама нәтижелері нормаға сәйкес келмегенін де айту керек. Атап айтқанда, Шерубай-Нұра өзенінен алынған алты сынама нәтижесі минералды құрамы құрғақ қалдық бойынша нормадан жоғары екенін көрсеткен.

Бұдан бөлек, тұрғындар арасында жұқпалы және паразиттік аурулардың эпидемиологиялық жағдайының асқынуын болдырмау мақсатында суға түсу маусымында жағажай иелері мен жалға алушылар да жауапкершілікке ие. Атап айтқанда, жағалау белдеуін абағталды-



Сурет ашық дереккөзінен

ру, жаппай демалу орындарын дезинфекциялық және дезинфекциялық өңдеу, су түбін тазарту, құмды қалпына келтіру бойынша шаралар қабылданып тиіс.

Одан бөлек, су айдындарында, жағажай аумақтарында судың сапасына өндірістік бақылауды ұйымдастыру, дәретханалармен, киім ауыстыратын бөлмелермен, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнермен және қоқыс жәшіктерімен жабдыкталады.

«Жұқпалы аурулардың алдын алу үшін арнайы белгіленген жерлерде шомылуға кеңес береміз», – дейді бас санитариялық дәрігер.

Бала қауіпсіздігі бәрінен маңызды

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру – ата-аналар үшін жауапты кезең. Оның бала үшін қауіпсіз болуы алдын ала дайындыққа да тікелей байланысты.

– Егер баланы қала сыртындағы лагерге жіберу керек болса, онда сол балалар сауықтыру ұйымының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы туралы қорытындысы бар екеніне көз жеткізуді ұсынамыз. Баланы лагерге дайындаған кезде онымен жеке гигиена

ережелері, тамақтан уланудың және жіті ішек инфекцияларының алдын алу туралы әңгіме жүргізу керек. Жазда қоршаған ортада ішек инфекцияларының қоздырғыштарының сақталуы және көбеюі үшін қолайлы жағдайлары орын алады, олар лас қол, сапасыз тағамдармен ағзаға енуі мүмкін. Жазда тамақтанар алдында және кейін қолды жуу ережесі бұрынғыдан да маңызды, – дейді Юрий Залыгин.

Жазда баланы бақшадағы жидектермен, көкөністермен тамақтандыруға тырысамыз. Дәл осы кезде жуылмаған немесе дұрыс жуылмаған жемістер балада түрлі ішек инфекцияларының дамуына әкелуі мүмкін. Сондықтан, оларды қолданар алдында мұқият жууды ұмытпау керектігін де ескертуді бас санитариялық дәрігер.

– Сапарларда, жорықтарда балаларға өзімен бірге апаруға немесе лагерге тез бұзылатын, оның ішінде, үйде дайындалған тағамдарды, лимонадтарды, үлкен пакеттердегі шырындар мен нектарларды, консервілерді беруге болмайды. Азықтүлікті сақтаудың қажетті шарттары мен мерзімдерін сақтамау тамақтан улануға және ішектің жұқпалы ауруларына әкелуі мүмкін, – дейді Юрий Залыгин.

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Ет сапасы талапқа сай

Жуырда аймақтың 8 ауылының малынан бруцеллез ауруы анықталған еді. Осы орайда Абай ауданы, Дубовка елді мекенінде «Халықты ет өнімдерін қамтамасыз ету кезіндегі ветеринарлық қауіпсіздік шараларын іске асыру» тақырыбында баспасөз туры ұйымдастырылды.

Деректерге сүйенсек, бүгінгі күні облыста ветеринарлық қызметті «вертикальді жүйе» форматында салаға жауапты басқарма бақылауымен 12 ветеринарлық станция және монокалалардағы 6 бөлімше жүзеге асырады.

– Жоспарға сәйкес ауылдағы малдарға вакцина салынып, қаны алынады. Жасы 3-18 ай аралығындағы малдарға 3 ай сайын, ал, ересек малдарға 6 ай сайын вакцина егіледі. Тек эпизоотияға қарсы емес, сибір жарасы, дерматит ауруларына да шара қолданылады. Сонымен қатар, вакцина етілген сәтте біз оны бірден VetLab мониторинг пилоттық жобасына тіркейміз. Мал несі сол жерден анықтама қағазын кез келген уақытта алады, – дейді Дубовка ауылының ветеринар маманы Ерлан Сыздықов.

Қазіргі таңда ішкі сауда объектілерінде (базарларда) VetLab мо-

ниторинг пилоттық жобасы бастау алған. Ішкі сауда объектісінде VetLab жүйесі арқылы берілген сараптама актісінен ет сатып алушы QR-код арқылы бастапқы ақпаратты алады. Яғни, онда малдың сырға номері, өнім түрі, жынысы, туған жылы және мекені, несі, сойылған жері, сараптама актісін берген ветеринарлық зертхананың аты көрсетілген ақпараттар бар.

– Біз ішкі сауда объектісіне келген ет өнімдерін қадағалаймыз. Яғни, ветеринарлық анықтама қағазды тексереміз. Ішкі сауда орындарындағы зертханаға жіберіп, жауапты басқарма бақылауы тексерісті оң деп санама, сараптама актісі беріледі. Егер барлығы қалыпты болса, сағуға жібереміз, тұтынушы сатушыдан оны көрсетуді талап етуге құқылы. Барлық мәліметтер осы онлайн платформада көрсетілген. Біздің басты



міндетіміз – ет сапасын бақылау, жарамдылығын тексеріп, қадағалау, – деді ветеринария басқармасының бас маманы Жасқанат Сейдахметов.

Ішкі сауда объектісінің басшыларына, жануардан алынатын өнімдерді сатушыларға, ветеринарлық зертхана мамандарына Қарағанды қалалық аумақтық ветеринарлық инспекция тарапынан облысымыздағы және республикадағы эпизоотиялық ахуал туралы үнемі түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жаднамалар таратылып, Facebook желісіне жарияланып отыратынын атап өткен жөн.

Бүгінгі күні облыста 1 300 000-ден астам ірі қара, қой малын бруцеллезге қарсы зерттеу қарастырылған. 165 000 ірі қараға вакцина салынды, 860 сиырдан бруцеллез ауруы оң нәтиже анықталды және 15 қой-ешкіден жұқпалы індет табылды. Анықталған малдар санитарлық союға жатады, ол патологиялық өзгеріске ұшырамаса, ет өнімін сағуға рұқсат етіледі. Ал, негізі бұл малдар қайта өңдеуге өтеді, шұжық және басқа да тамақтар жасауға жіберіледі. Қайта өңдеуге жіберілсе, оның 30%-ын өтемақысы Үкімет тара-

пынан, қалған 70%-ын сол кәсіпорын береді. Жоспар бойынша барлық жұқпалы індеттерге қарсы іс-шаралар жүзеге асырылуда. Айта кететін жайт, еліміздің бірқатар аймағында су тасқынынан өлген малдардың еттері сатылуға деген ақпарат тараған еді. Елімізде жағдай тұрақты, ақпарат шындыққа сай келмейді. Жануарлардан алынатын шикізат пен өнімдер ветеринарлық-санитарлық сараптама сатуға тыйым салынған. Облыс бойынша қазір ешқандай қауіп жоқ, жағдай тұрақты, бруцеллез анықталған елді мекендерде шектеу қойылған.

Сонымен, өңіріміздегі жұқпалы ауруға қарсы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ветеринарлық мамандар аймақтағы барлық малдарға шамамен бір ай көлемінде барлық төрт түлікке вакцина салуды көздеп отыр.

Әлішер СҮЛЕЙМЕНОВ,
Е.Бокетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университеті
филология факультетінің
II курс студенті

Суреттер автордан

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Велотұрақтар орнатылды

Қарағанды қаласында мектеп оқушыларына арналған экологиялық таза көлік түрлерін дамыту мақсатында Қарағанды қаласының білім бөлімінен келісе отырып, велосипедтерге арналған велотұрақтар қаламыздағы екі мектеп оқушыларына арналып жасалды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

№14 мектеп-гимназиясы мен Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-гимназиясында велотұрақтың ашылу салтанаты өтті. Айтулы іс-шара Қарағанды қаласының білім бөлімінің басшысы Есентай Әшім мен Қарағанды облысы Қоғамдық кеңесінің адам құқықтары, жұмыспен қамту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның төрағасы Данара Смайылқызы қатысуымен өтті.

Бұл велотұрақтың ашылуына мектеп ұстаздары мен 30-дан аса мектеп оқушысы қатысты. Іс-шарада балаларға арнап, «Табиғат ресурстары мен жануарлар әлемін сақтау» тақырыбында экологиялық және велосипедпен жолда жүру ережесі бағытында викториналық сұрақтар қойылып, арнайы тағайындалған сыйлықтар табысталды. Ұстаздар тарапынан оқушыларға жол жүру ережесі бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қалалық білім бөлімі Қарағанды қаласындағы басқа да мектеп аулаларына тағы біршама велотұрақтар салып, мектеп оқушыларының экологиялық білім дәрежесін жоғарылатуды жоспарлап отыр.



ТОО «МЫҚТЫ ҚОРҒАУ»

ВСЕ ВИДЫ ОХРАННЫХ УСЛУГ ГОСУДАРСТВЕННЫХ И
КОММЕРЧЕСКИХ ПРЕДПРИЯТИЙ
Ерубаева, 34, оф. 307, тел.: 8 (7212) 50-173-17, сот.: 8-701-173-90-87, 8-700-394-98-00
Лицензия на все виды охранных услуг за № 16018832 от 09.12.2016 года. Лицензиар ГУ
«ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ МВД РК»



• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Ереже сақтау ерлікпен тең

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай облысымыздың барлық қала және аудандарында «Қауіпсіз жаз-2024» акциясы өтті. Шара барысында түрлі спорттық және эстафеталық ойындар, концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып, облыстық төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері ата-аналар мен балаларды демалыс уақытында жолда жүру, су айдындарында, өрт жағдайларындағы жүріс-тұрысының нормалары мен ережелерімен таныстырды.



Акция аясында №2 оқушылар сарайында республикалық «Ән шуак» фестивалі мен «Қауіпсіз жаз» жобасының салтанатты ашылуы өтті. Мерекелік шара дәстүрлі, рухани және мәдени құндылықтармен бірге адамгершілік қасиеттерді дәріптеуге бағытталған. Кішкентай көрермендер үшін түрлі ойын-сауық және танымдық бағдарламалар өткізілді. Сахнада Қасым Аманжолов атындағы балалар музыка мектебінің тәрбиеленушілері, Тәттімбет өнер колледжінің студенттері өнер көрсетті. Сонымен қатар, оқушы-

лар сарайының өнерпаздары Надежда Еживскаяның «Осторожно, пожар!» ертегісі негізіндегі қойылымды көпшілік назарына ұсынды. Облыстың төтенше жағдай департаментінің өкілдері балаларға қауіпсіздік мәдениеті жайлы сабақтар жүргізіп, алғашқы көмек көрсету үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерді үйретті. Өрт жағдайларындағы, газ тұтыну, суға шомылу кездеріндегі қарапайым ережелерге тоқталды. – Қауіпсіздік мәдениеті – біздің өміріміз бен денсаулығымызды

сақтауға, сондай-ақ, басқаларды қауіптен қорғауға көмектесетін ойлау мен мінез-құлық тәсілі. Жыл сайын көктемгі, жазғы маусымның басталуымен түрлі апаттық жағдайлар тіркеледі. Бұндай жағдайлардың басым көпшілігі ересектердің балаларды бақылаусыз қалдыруының салдарынан. Жыл сайын балалардың терезелерден құлауының 20-25 жағдайы орын алады. Жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында департамент әр уақытта үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Дегенмен, адамдар қарапайым ережелерді біліп, оны сақтаулары аса

маңызды, – деді төтенше жағдай департаменті басшысының міндетін атқарушы полковник Аманбек Алтынбекұлы.

Оңтүстік-Шығыс жергілікті полиция бөлімінің ювеналды полиция тобының учаскелік инспекторы, аға лейтенант Перизат Әбішева мен Нұрбибі Иманбекова көмелет жасына толмаған балалардың құқық бұзушылықтарының алдын алу туралы баяндалды.

– Күнделікті өмірде балалардың талаптарды сақтамауы салдарынан қоғамдық орындарда ұсақ бұзақылықтар тіркеліп жатады. Бұндай оқиғалар орын алса, алдымен ата-анаға немесе заңды өкілдеріне ескерту хаттамасы жіберіледі. Құқық бұзушылық тыйылмаған жағдайда айыппұл төлеуге міндеттеледі, – деп ескертті полиция лейтенанты.

Жазғы демалыс кезінде қоғамдық орындарда тамақтану ережелерін де білу аса маңызды. Осыған орай Қазыбек би атындағы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Гүлнар Әлішева балаларға сақтық шаралары туралы және азықтүлік таңдаудағы талаптар туралы айтты.

Мерекелік кешті түрлі өнер мектептерінің талантты балдырғандарының ән шашуы қорытындылады.

Дильяра АБИШЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университеті
журналистика бөлімінің
III курс студенті

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Балаларға ұнаған бағдарлама

Халықаралық балаларды қорғау күніне Теміртау қаласының «Жастар орталығында» кең ауқымды «Шығармашылық арбат» іс-шарасы өтті.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жөнінде аталған орталық директорының орынбасары Валентина Павлик: – Біз осы мереке күніне жас отбасылардың балаларына арналған ойын бағдарламасын әзірлеп, оны шартты түрде 4 станцияға бөлдік, – деп, ата-аналарымен келген бүлдіршіндерді бірден ойынға еліктіріп өкетті.

Сол бағдарлама бойынша бірінші станцияда балалар дөңгелеке тұрып, шетінен қауырсын ұстаған парашотті бір жиырып, бір жазып, бірде астына кіріп, естері шыққанша мәре-сәре болысты.

Ал, екінші станцияда олар түрлі-түсті борлармен орталықтың асфальт алаңының бетіне сурет салудан сайысты. Байқағанымздай, ол суреттердің дені гүл мен

күн болып шықты. Яғни, періште көңіл саби жүрегі үшін ең керекті де шуағын шашқан күн мен құлпырып тұрған гүл екен!

Үшінші станцияда олар «Көңілді жаз» тақтасына өздерінің жылдың осы мезгілін қалай өткізгісі келетіндерін жазды.

Ең соңғы аялдамада балалар ұзынша шарлардан сан алуан бейнелер жасауы тиіс болды. Алайда, бірі оны бұрап, бір жанардың мүсінін жасай қойса, енді бірінің оған шамасы келмей, әлекке түсіп жатты.

Соған қарамастан бұл күнгі бағдарламаға белсене қатысқан балалардың бәріне фломастер мен балмұздақ үлестірілді.

ТЕМІРТАУ

Сурет автордан

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Мәліметі мол мәжіліс

Теміртау қаласының тарихи-өлкетану мұражайында Жаппай саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне «Сөзсіз.Үнсіздік» тақырыбында конференция өтіп, оған қала ардагерлері мен жастар, сол зұлмат заманның құрбаны болып, 1937 жылы жазықсыз атылып кеткен «Алашорда» қайраткері, жазушы, драматург Қошке Кеменгеровтің жиен немересі Қарлығаш Рахымбекова, 10 жылға сотталған Ионас Валюкенаның қызы Алла Пимонова және зейнеткер ұстаз, жазушы, журналист Жұмағали Мағзинов қатысты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Конференцияны ашқан Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Самат Зияшев: – Бұл кезең біздің халқымыздың тарихындағы қасіретті де қаралы жылдар. Қаншама зиялыларымыздың бейкүне сотталып, атылып кеткені ешқашан ұмытылмайды. Оларды мәңгі есте сақтап, тағзым етіп жүру үшін қаламыздан орнатылатын ескерткіштің тұрғытасы қойылса, енді, міне, қалалық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері де көп ізденіп, жинаған мол

мәліметтерін сіздерге ұсынып отыр. Осыдан бүгінгі ұрпақ сабақ алып, тарихымызды терең танып, білуі тиіс, – деді.

Мұражай қызметкерлері кеңестік кезеңдегі жазалаушы органдар НКВД, ОГПУ мұрағаттарынан бізге беймәлім көптеген құжаттар мен деректерді іздестіріп тауып, соларды мұражайдың конференция өткен «Қала тарихы» залындағы инсталляцияға орналастырыпты. Олар анықтағандай, 1931-1953 жылдар аралығында РСФСР ҚК 58-бабы бойынша Теміртау қаласының (1945 жылға дейін Самарканд кенті)



185 тұрғыны сотталып, соның ішінде 42 адам ең қатаң жазаға кесілген. Ал, тіркелгендер, түрлі саяси және әлеуметтік себептермен жер аударылғандар немесе аштан өлгендердің саны әлі де анықтай түсуді қажет етеді. Тағы бір мәліметте 1946 жылы қала аумағындағы НКВД комендатураларының арнайы есебінде тұрған 18 373 адам мекендепті. Мұражайдың аға ғылыми қызметкері Татьяна Хмелева осы жайттардан хабардар етіп, солардың негізінде естеліктер кітапшасы мен экспозиция дайындалғанын мәлім қылып, бұл істің одан әрі жалғасатынын айтты.

Бұдан кейін сөз алған Қошке Кеменгеровтің (1896-1937 ж.ж.) жиен немересі Қарлығаш апаиымыздың әңгімесі толықтай қойылды. Ол әкесін ұстап әкеткенде 11 жасында жылап қалған, анасы Зайраның 2010 жылы өмірден өтерінде «НКВД» деп неше рет қайталап, күбірлегенін естігенімізде, еріксіз көзімізге жас келді. Өмір бойы дәрігер болып істеп, 1980 жылы Теміртауға отбасымен көшіп келген ол осы мұражайға Қошке әкесінің суреті мен ату жазасына кесілген, сосын ақталған қағаздарының көшірмелерін тапсырып, олар да экспозицияға кіріпті.

Тағы бір қуғын-сүргін құрбаны Ио-

нас Валюкенас өз еліне кеңес өкіметіне қарсы күрескен Литва партизандарына жәрдем бергені үшін тұтқынға алынып, «Халық жауы» ретінде 10 жылға сотталып, соның 9 жылын Қарлағаш өткізген көрінеді. Содан 1955 жылы ақталып, босап шыққан соң, Отанына оралу құқығы болмай, осында қалып қояды. Мұнда Алланың анасымен отау құрып, осы қызы мен ұлын өсіріп, дүние салады.

Тарихи тақырыптарға қалам тербеп жүрген қаламгердің бірі Жұмағали ағамыз өзі жасаған баяндамасында сол жылдардың сорақы сұмдығын жайып салып, оның енді қайталанбауын тіледі.

Конференцияға қатысушылар алдында қалалық Мәдениет сарайындағы «Баршың» қазақ көркемөнерпаздар театрының артистері Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұовтың тұтқында тергеу сәтінен көрініс жасап, көрсетті.

Мәліметі мол мәжіліс соңынан оған қатысушылар мұражай залында орналасқан экспозицияларды, сол сұрқай кезең шындығын суреттейтін заттар қойылған инсталляциямен танысты.

ТЕМІРТАУ

Суреттер автордан

• ФУТБОЛ

«Шахтер» тағы есе жіберді

Футболдан Қазақстан Чемпионатының 10-туры аясында алматылық «Қайрат» өз алаңында қарағандылық «Шахтерды» қабылдады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ойын алаң иелерінің толассыз шабуылдарымен басталды. Осындай шабуылдар ойынның 22-минутында есеп ашуға себеп болды. Гол авторы – Әділет Садыбеков. Көп ұзамай үш минуттан кейін «Қайрат» ойыншысы Иброхимхали Юлдошев есепті еселеді. Жауапсыз екі голға жауап ретінде бірінші таймның 35-минутында Имеда Ашортя есеп айырмашылығын қысқартты.

Есепті өз пайдасына шешуге тырысқан «Шахтер» матчтың 65-минутында И.Ашортя дубль авторы атанып, таблодағы есеп 2:2 болып өзгерді.

Алматылық ұжым бұл есепке қанағаттанбай, қарсыласты қыспаққа ала бастады. Осындай шабуылдардың толқынды легі 77-минутта нәтиже берді. «Шахтер»



қақпасына он бір метрлік айып добы белгіленді. Оны үш минут бұрын қосалқы құрамнан ауысқан Георгий Зария сәтті орындап, командасын алға алып шықты. Бұл қарқын Қайратты тоқтата алмады, 2-таймның 81-ші минутында Элдер Сантана ойынның нүктесін қойды.

Осы ойын нәтижесінен кейін «Қайрат» екінші орынға жайғасса, «Шахтер» 12-ші орынмен сақтады.

Енді жергілікті ұжым 15 маусымда өз алаңында «Атырауды» қабылдайды.



ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қаржаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркелген етіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 Ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 61 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баста табақ,

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Алуан СОВЕТ**